

## **Асылхан Шомантаев**

Еліміздегі ауылшаруашылығы саласын дамыту бойынша еселі еңбек етіп, кәсіби білікті маман даярлау ісіне үлкен үлес қосқан педагогтардың бірі – ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Шомантаев Асылхан Әшімұлы.

Белгілі педагог университетте 1980 жылдан бері қызмет етіп келеді.

Ұстаз 100-ге жуық ғылыми мақаланың, 5 оқу құралының авторы. Сондай-ақ, басқа да авторлар бірлестігімен 9 оқу және оқу-әдістемелік құралы жарық көрген.

Асылхан Әшімұлы ауылшаруашылығы саласы бойынша тың тәжірибелерді зерттеу, қолданысқа енгізу мақсатында 2008 жылы Қытай Республикасының Инин қаласында өткен ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты.

Педагогтың шәкірттері бүгінде ел дамуы жолында елеулі еңбек етіп, сала жұмыстарының жандануына үлес қосуда.

Айталық, шәкірттері – Ғанибек Қазантаев – Қызылорда қаласының әкімі, Жұмахан Нұрсейітов – Су ресурстары Комитетінің су ресурстарын реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясында бас маман, Әліби Бекжанов – «Ералы» шаруа қожалығының төрағасы, Бабахан Тайманов – Су ресурстары комитетіне қарасты «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазалы филиалының басшысы, Жанұзақ Байманов – Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, «Қызылорда» білім тарату орталығының басшысы қызметін атқарады.

Асылхан Әшімұлы «Ерен еңбегі үшін» медалі, ҚР «Білім беру ісінің құметті қызметкері» медалі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Алтын медалі, «Жоғарғы оқу орнының ең үздік оқытушысы» атағын иеленді.

Сондай-ақ, 2008 жылы облыс әкімінің стипендиясына ие болды.